

Экспедитор қызметтерін ұсыну ережесін бекіту туралы

Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 28 шілдедегі N 296-І бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3037

Ескерту. Тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2011.06.20 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 2-тармағының 16) тармақшасына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Экспедитор қызметтерін ұсыну ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2011.06.20 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті (Н.Т.Байдәулетов) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі Ю.И.Лавриненкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

"Экспедиторлардың темір жол көлігінде қызмет ету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 28 шілдедегі N 296-І бұйрығымен бекітілген

Экспедитор қызметтерін ұсыну ережесі

Ескерту. Ереженің тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2011.06.20 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Экспедитор қызметтерін ұсыну ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленген және экспедитордың қызметтерді ұсыну тәртібін белгілейді және экспедиторлық қызметтерді тұтынушы экспедиторларға, тасымалдаушылар мен клиенттерге қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2011.06.20 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Ережеде мынадай түсініктер қолданылады:

1) темір жол көлігіндегі экспедиторлық қызмет - тасымалдауға байланысты қызмет көрсетулерге сұранысты қанағаттандыруға бағытталған қызмет;

2) экспедиторлық құжаттар - клиенттің құқықтары мен міндеттерін экспедиторға тапсырғанын растайтын құжаттар, сондай-ақ халықаралық құжаттар, соның ішінде Халықаралық Экспедиторлық қауымдастықтар федерациясы қабылдаған, Халықаралық Сауда-өнеркәсіп палатасы таныған құжаттар.

Осы Ережеде қолданылатын өзге түсініктер Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы заңнамамен анықталған ұғымдарда пайдаланылады.

2. Экспедитор мен клиенттің өзара қарым-қатынасы

3. Экспедитор мен клиенттің қарым-қатынастары жазбаша нысанда жасасатын көліктік экспедиция шартының ережелері негізінде құрылады.

4. Темір жол көлігіндегі экспедиторлық қызмет мынадай қызметтерді көрсету арқылы жүзеге асырылады:

- 1) клиент атынан немесе өзінің атынан тасымалдау шартын жасасу;
- 2) жүк тасымалын жөнелту орнынан жеткізу орнына дейін ұйымдастыру;
- 3) көліктік темір жол жүкқұжатын және (немесе) тасымалдау құжаттарының жинағын, соның ішінде бірыңғай халықаралық тасымалдау құжаттарын ресімдеу;
- 4) жүкті басқа мекен-жайға жіберуге өтінімді ресімдеу;
- 5) жүкті тасымалдауға беру;
- 6) жүкті қабылдау;
- 7) жүкті клиенттің қоймасынан темір жол станциясына дейін және темір жол станциясынан клиенттің қоймасына дейін жеткізу;
- 8) темір жол станциясында және клиенттің қоймаларында жүкті тиеуді (түсіруді), қайта тиеуді ұйымдастыру;
- 9) жүкті сорттау;
- 10) жөнелтулерді жинақтау (жүкті шоғырландыру/тарату);

- 11) жүкті таңбалау, қайта таңбалау, орау;
- 12) көліктік ыдыс пен орамды жөндеу;
- 13) жүктің жөнелтілуі, қозғалысы (соның ішінде жүктің шекарадан өтуі), келуі және берілуі туралы, сондай-ақ жүк аудару пункттерінде жүктің басқа көлік құралдарына қайта тиелуі туралы клиенттерге хабарлау;
- 14) жүктің жол бойымен қозғалысын бақылау;
15. клиенттері жүктерді тасымалдау үшін қажет вагондармен, контейнерлермен және алмалы-салмалы жабдықтармен қамтамасыз ету (пайдалануға беру).
- 16) клиенттер мен тасымалдаушыға бекіту-пломбылау құрылғыларын беру;
- 17) тасымалдау төлемдерін, алымдар мен айыппұлды, тиеу-түсіру, қоймалық және өзге жұмыстарды есептеу және төлеу;
- 18) коммерциялық актіге қол қою;
- 19) коммерциялық актілер және өзге құжаттардың негізінде талап-арыздарды ресімдеу;
- 20) жүкті тиеу және бекітудің техникалық шарттарын әзірлеу және тасымалдаушымен келісу;
- 21) жүктерді сақтау, қоймалау;
- 22) жүкке жол бойында ілесіп жүру және/немесе күзетуді ұйымдастыру;
- 23) жеткізу мерзімдері аяқталғаннан кейін жоғалған жүкті іздеу;
- 24) жүкті тасымалдау саласындағы консультациялық қызметтер көрсету;
- 25) кедендік құжаттарды ресімдеу;
- 26) жүкті тасымалдауға байланысты өзге қызметтер көрсету.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.07.24 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5. Егер көліктік экспедиция шартында өзгеше көзделмесе, экспедитор клиенттің нұсқауларынан, ол клиенттен іс жағдайлары бойынша осындай ауытқуға келісімін сұрай алмағанда немесе өз сұрауына тәулік ішінде жауап алмағанда ауытқиды.

Егер клиенттің нұсқаулары дәл емес, толық емес немесе дәйекті емес немесе шартқа сәйкес емес болса және экспедитордың іс жағдайлары бойынша клиенттің нұсқауларын нақтылауға мүмкіндігі болмаса, экспедитор клиенттің мүдделері тұрғысында іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2011.06.20 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Егер шартта өзгесі көзделмесе, экспедитор клиенттің мүдделері тұрғысынан, өз пайымдауынша, тасымалдың көлігін және маршрутын, жүкті тасымалдау тәртібін, сондай-ақ экспедиторлық қызметтердің көрсетілу тәртібін таңдайды немесе өзгертеді.

7. Экпедитор клиент берген ақпараттың, сондай-ақ жүктің сипаттары туралы ақпараттың, оны тасымалдау мен экспедитор көлік экспедиция шартында көзделген міндеттемелерін орындауы үшін қажет өзге де ақпараттың шынайылығын тексереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.07.24 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8. Көлік экспедициясы шартының талаптарымен экспедитордың клиент атынан үшінші тұлғалармен шарт жасасуы, сондай-ақ клиент атынан көлік экспедициясы шартын орындауға байланысты басқа да міндеттерді орындауы көзделген жағдайда клиент экспедиторға сенімхат береді.

Көлік экспедициясының шартын орындау бойынша немесе оны орындағанға дейін көлік экспедициясы шартын тоқтату кезінде экспедитор қолдану мерзімі өтпеген сенімхатты клиентке қайтарады.

9. Экпедитор клиент атынан оның берген сенімхаты негізінде экспедитор жасаған шарттардың түпнұсқаларын клиентке ұсынады.

10. Егер көлік экспедициясы шартынан экспедитор өз міндеттерін жеке орындауға тиістілігі туындамаса, экспедитор өз міндеттерін орындауға басқа тұлғаларды тарта алады.

11. Көліктік экспедиция шартында жүктердің жүйелі тасымалдарымен байланысты экспедиторлық қызмет көрсету көзделуі мүмкін.

12. Халықаралық қатынаста тасымалдарды ұйымдастыру барысында көліктік экспедиция шартына қосымша ретінде экспедиторлық құжаттар қолданылуы мүмкін.

3. Экпедитор мен тасымалдаушының өзара қарым-қатынасы

13. Экпедиторлық қызметті ұсынуды жүзеге асыру үшін экспедитор тасымалдаушымен тасымалдарды ұйымдастыру туралы және көрсетілетін қызметтердің түрі бойынша шарттарды жасасады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.07.24 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

14. Экпедитор тасымалдаушымен өзара қарым-қатынаста:

1) тасымалдаушыға тиесілі барлық тасымалдау төлемдері мен алымдарының уақытында және ақшамен толық төленуін қамтамасыз етеді;

2) жүк жөнелтушінің тасымалдаушы құжаттарын төлеуші туралы белгі енгізу жөніндегі нұсқаулықпен қамтамасыз етеді;

3) егер көліктік экспедициясының шартында мұндай міндеттер оған жүктелсе, жүкке және тасымалдау құжаттарына тасымалдаушының талаптарының орындалуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

4) егер мұндай міндеттер оған көліктік экспедициясының шартында жүктелсе, жүкке және ілеспе құжаттарға кедендік органдар, фитосанитарлық, карантиндік, шекаралық және өзге де бақылау тарапынан қойылатын талаптардың орындалуын қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

5) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тасымалдау туралы шартта өзгесі көзделмесе, тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартты орындамау немесе тиісті орындамау салдарынан тасымалдаушыға құжаттамалық расталған ш ы ғ ы н д а р д ы ө т е й д і ;

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2012.07.24 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

15. Тасымалдаушы экспедитормен қарым-қатынаста:

1) егер шартта өзгесі көзделмесе, тасымалдау төлемі мен алымын алғанға дейін жүкті т а с ы м а л д а у ғ а қ а б ы л д а м а й д ы ;

2) мемлекеттік органдардың (кеден, шекара, фитосанитарлық және басқаларының) бақылауымен жүкті кедергісіз тасымалдау үшін қажетті құжаттарды ресімдегенге дейін т а с ы м а л д а у ғ а ж ү к қ а б ы л д а м а й д ы ;

3) экспедитор баратын станциясында, ал транзиттік тасымал кезінде жүру жолында тасымалдау төлемдері мен алымдарын төлемеген жағдайда жүкті ұстап қалады;

4) жүкті тасымалдау кезінде кедергілер туындаған жағдайда экспедиторды хабардар е т е д і ;

5) экспедиторды Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің (халықаралық шарттарға сәйкес) темір жол көлігімен жүк тасымалдарын ұйымдастыру мәселелері жөніндегі қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің өзгеруі туралы, соның ішінде тасымалдардың тарифтері мен шарттарының өзгеруі туралы, Қазақстан Республикасының магистральдық темір жол станциясының ашылуы, жабылуы және қ а й т а а т а л у ы т у р а л ы х а б а р д а р е т е д і ;

6) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта өзгесі көзделмесе, тасымалдарды ұйымдастыру туралы шартты тиесілі орындамау салдарынан экспедиторға келтірілген құжаттамалық расталған шығындарын өтейді.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2011.06.20 № 379 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.24 № 446 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрықтарымен.

16. Темір жол көлігімен жүк тасымалдау кезінде қызмет көрсету туралы шарт жасасу үшін экспедитор тасымалдаушыға мыналарды ұсынады:

1) т а с ы м а л д а у ы н ы ң а т ы н а ө т і н і ш ;

2) жеке тұлғалар үшін - жеке куәліктің, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы

